"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
"ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
РММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 0000000
ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код РГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN
Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

09-15/1985 18.04.2018

ТОО «УЛМАД»
Мендибаеву.М.У
ЮКО, г.Шымкент, проспект Кунаева, дом 39, кв.150

(Кіріс:03.04.2018ж. ЗТ-М-562)

Сіздің 2018 жылғы 3 сәуірдегі №159 шағымыңыз, ОҚО бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде (әрі қарай - Департамент) қаралды.

«Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесінде 04.12.2017 жылғы ашық конкурс тәсілімен №2128872-1 «ОҚО Ордабасы ауданы Қажымұқан ауыл округі Темірлан елді мекені Самал-2,3 мөлтек ауданының инженерлік-коммуникациялық желілерінің құрылысы бойынша инжинирингтік қызметі» жұмыстарына өткізілген мемлекеттік сатып алу процедурасының Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңнамаларының талаптарына сәйкес келуіне камералдық бақылау жүргізіліп, төмендегі мән-жайлар анықталды.

Камералдық бақылау барысында, Сіздің, шағымыңызға қоса тіркелген «Мир-Строй и Компания» ЖШС-нің 03.04.2018 жылғы №56 хаты назарға алынды. Аталған хатта «Мир-Строй и Компания» ЖШС-мен «САЙРАМ ҚҰРЫЛЫС» ЖШС-гі арасында 2018 жылдың 6 наурызында түзілген консорциялық келісімнен 2018 жылдың 3 сәуір күнінен бастап бірге жұмыс жасаудан бас тартқандығы және консорциялық келісімді жарамсыз деп тану жөнінде хабарлаған.

Бірақ, қорытынды хаттама қалыптастырылыған күні консорциялық келісім күшінде болған. Яғни «САЙРАМ ҚҰРЫЛЫС» ЖШС-нің конкурстық өтінімі конкурстан негізсіз шеттетілген.

Осыған орай, конкурсты ұйымдастырушыға Заң бұзушылықтарды жоюға хабарлама жолданды.

ҚР 12.01.2007 жылғы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» №221 Заңының 12, 14 баптарына сәйкес, өтініштерді қарау нәтижелерімен келіспеген жағдайда жоғары тұрған органға немесе сотқа жүгінуге құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

Департамент басшысының орынбасары **Қ.Сапарбеков**

Орын.: О.Ажибеков
Тел.: 8 7252 35-06-06